## 1. Кіріспе

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ (**одан әрі-Колледж) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау колледж басшысының бұйрығымен құрылған жұмыс тобымен 2020-2021 оқу жылының 6 айы кезеңі бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг негізінде жүргізілді. Колледждің жұмыс тобының құрамы, электрондық пошта мекен-жайы, телефон нөмірі талдау қорытындысында көрсетілген.

## 2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру

Колледж мемлекеттік сатып алу платформасында «Жеткізуші» және «Ұйымдастырушы» рөлінде тіркелген.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңға сәйкес 2020-2021 ж. байда «Ұйымдастырушы» рөлінде 957 (тоғыз жүз елу жетті) сатып алу өткізілді, оның ішінде:

1. баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен - 39 (отыз тоғыз) сатып алу;
2. тікелей шарт жасасу жолымен бір көзі арқылы – 726 (жеті жүз жиырма алты) сатып алу.

Келісімшарттар заңнамада белгіленген мерзімде жасалды, шарттардың орындалуы мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттарда жазылған мерзімдерге сәйкес қатаң бақыланады.

Жеткізушілер тарапынан анықталған шарттық міндеттемелерді бұзу – жоқ. Орындалған шарттар бойынша төлем қатаң түрде шарттың талаптары бойынша, яғни көрсетілген қызметтер/тауарды жеткізу фактісі бойынша күнтізбелік 30 күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

«Жеткізуші» рөлінде сатып алуда Колледж 0 сатып алуға қатысты, оның ішінде:

1. тікелей шарт жасасу жолымен бір көзі арқылы - 0 сатып алу.

Барлық шарттар заңнамада белгіленген мерзімде жасалды. Шарттардың талаптарын Өнім берушімен және көрсетілген мерзімде қатаң орындалады. Өнім беруші тарапынан бұзушылықтар болған жоқ, Тапсырыс берушілер де шарттардың талаптарына сәйкес көрсетілген қызметтер үшін төлем жүргізеді.

## 2. Мемлекеттік қызметтердікөрсету

1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау».

Құжаттарды қабылдау «Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 18 қазандағы No 578 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы No 197 бұйрығы және колледж. Жарғысы негізінде жүзеге асырылады.

Колледжде оқуға азаматтардың өтініштерін қабылдау мерзімдері:

— орта буын және қолданбалы бакалавр мамандарын даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқудың күндізгі формасына күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 25 тамызы аралығында.

2020-2021 оқу жылына 94 өтініш берілді, оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша – 90 білім алушы, ақылы негізде.

Колледждің оқу бөлімі келесі мемлекеттік қызметтерді ұсынады:

1. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру» - қарастырып отырған кезеңде белгіленген үлгідегі 4 академиялық анықтама берілді (2020 жылғы тамыз, 2021 жылдың наурызы);

2. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру» - 0 студент;

3. «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау».

Мемлекеттік қызметтің бұл түрі «Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы No 19 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы No 218 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Колледжде оқуға мониторинг жүргізу кезеңінде: - қайта қабылдау - 2 (екі) студент; - өз еркімен басқа колледжге - 0 студент; - мектепке оралу - 1 (бір) студент; - ҚР басқа колледждерінен бос орындарға ауыстыру арқылы қабылданды - 2 (екі) студент; - ақылы оқудан мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға ауыстырылғандар - 0 студент; - мемлекеттік тілде білім алу тобынан орыс тілінде білім алу тобына ауыстырылғандар - 2 (екі); - мамандықтан мамандыққа ауыстырылғандар - 4 (төрт) студент; - сырттай оқуға - 0 студент ауыстырылды.

5. «Азаматтардың жекелеген санаттарына жататын, сондай-ақ қамқоршылықтағы және патронаттағы тұлғалар болып саналатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне тегін тамақтандыруды ұсыну» - 7 көп балалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан 5 студент тегін тамақтанады, 2 жетім бала және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тамақтануға өтемақы алады.

6. «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана ұсыну» - 31 студент қызмет алды. Құжаттар пакетін қабылдаудан бас тарту және жатақханада орын ұсынбау жағдайлары болған жоқ.

7. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өтуге құжаттар қабылдау».

2020 жылы аттестаттауға өтініш берді - 23. Құжаттар пакетін қабылдаудан бас тарту болған жоқ.

Оның ішінде:

«Педагог-шебер» - 0 адам.

«Педагог-зерттеуші» - 9 адам.

«Педагог-сарапшы» - 7 адам.

«Педагог-модератор» - 3 адам.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушылар тарапынан мерзімді бұзу, ұсынудан бас тарту, шағымдар болған жоқ.

## 3. Ұйымдастыру-басқару жұмысы

Студенттерді ағымдық бақылау және аралық аттестаттау ҚР Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы No 125 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыру бойынша колледжде талдау кезеңі аралығында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікке тәрбиелеу үшін келесі жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырылды және өткізілді:

1. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ереженің» талаптарына сәйкес әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңес мүшелерінің 2020-2021 оқу жылына сайлау өткізілді.

2. Кеңес құрамы колледж басшысының 2020 жылғы 01 қазандағы бұйрығымен бекітілді. Кеңесті әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл басқарады. Кеңес құрамына басшының орынбасары, бөлім меңгерушісі, кәсіподақ ұйымдарының төрағалары, жастардың өзін-өзі басқару төрағасы, қамқоршылық кеңестің төрағасы, әлеуметтік серіктестер енгізілді.

3. Әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі Кеңес туралы Ереже әзірленді және бекітілді. 2020 жылғы 9 қазанда Кеңес отырысында «2020-2021 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары» бекітілді.

4. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Павлодар облысы бойынша департаментімен «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесі жұмысының кешенді жоспары келісілді.

5. Басшының парасаттылық жөніндегі кеңесшісі болып 3 курс студенті Сакенов Адай тағайындалды.

6. 2020 жылдың қазан айынан бастап «Саналы ұрпақ» клубы өз жұмысын жалғастыруда. Клубтың жұмыс жоспары бекітілді.

7. «Саналы ұрпақ» клубының мүшелерімен келесі іс-шаралар өткізілді:

- «Қоғамдық тәрбие» пікірталас турнирі - «Адалдық – жастардың көзімен» акциясы

8. «Таза сессия» акциясы аясында студенттер арасында сауалнама жүргізілді. Акцияға 1-4 курстың 310 студенті қатысты. Сауалнама келесі бағыттар бойынша жүргізілді: - студенттердің колледждегі үлгерімі және білім сапасы; - емтихандар және оларды өткізу формалары; - емтихандар, бақылау жұмыстары, сынақтар кезіндегі сыбайлас жемқорлық. Сауалнама нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактілері анықталған жоқ. 8. Колледж сайтында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ақпарат – нормативтік - құқықтық актілер, бұйрықтар, іс-шаралар жоспары, анықтамалар, есептер орналастырылған. Сайттағы ақпарат қажеттілікке қарай жаңартылады.

## 4. Персоналды басқару және мүдделер қақтығысын реттеу

**«Музыкалық колледж – дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» кешені» ММ** талданатын кезең бойынша барлығы штат бойынша – 221,56 мөлшерлеме. Оның ішінде: бюджет бойынша – 221,56 мөлшерлеме. Нақты жұмыспен қамтылғандар – 221,56 мөлшерлеме.

01.09.2020-28.02.2021 аралығында 9 қызметкермен еңбек шарты өз еркімен бұзылды. 1 қызметкермен еңбек шарты қайтыс болуына байланысты бұзылды.

Жаза қолдану болған жоқ. Мүдделер қақтығысы фактісі болған жоқ.

Туысқан (жекжат), жұмысқа қабылдау кезінде басқа қажетті құжаттармен қатар соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама ұсыну талап етілетіндіктен, бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, қылмыс жасаған тұлғаларды жұмысқа қабылдау фактілері жоқ.

## 5. Қорытынды

Қабылданып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жақсарту жөніндегі ұсыныстар: 1) қабылдау комиссиясының жұмысына арналған үй-жайларда аудио құрылғыларды орнату.

Жұмыс тобының құрамы:

Төрайым – Карашина А.А. - басшының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары;

жұмыс тобының мүшелері: - Гатина З.А. - басшының оқу жұмысы жөніндегі орынбасары; Кощук Э.Г. - басшының өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары; - Сагиева Н.К. - әдіскер; - Охатаев К.Ж. - басшының шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары; Д.С. Кайпбекова - әдеп және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкіл;

Электронды мекен-жайы : muz_coll@mail.ru 8(7182) 554717

**Аналитикалық анықтамамен таныстым:**

**Кешен басшысы С.К. Сыздыков ____________________ /11.03.2021/**